Газет 1935 жылдың шілде айынан бастап шығып келеді

АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТ

# ЖЕЛМ - САҒЫЗ

№29 (7889) 23 шілде, Бейсенбі 2026 жыл

https://zhemsagyz.kz/ zhemsagyzgazeti@mail.ru

*Білім*

# ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫНДЫҚ – БАСТЫ НАЗАРДА

***Ауданда жаңа 2026–2027 оқу жылына дайындық жұмыстары қарқынды әрі жүйелі жүргізілуде. Білім беру ұйымдарын жылыту маусымына әзірлеу, күрделі жөндеу жұмыстарын аяқтау, материалдық-техникалық базаны жаңғырту, табиғи апаттан зардап шеккен нысандарды қалпына келтіру және оқушылардың қауіпсіз әрі жайлы ортада білім алуына жағдай жасау бағытындағы жұмыстар жоспарға сәйкес жүзеге асырылуда. Сонымен қатар мектептер жаңа оқулықтармен, заманауи құрал-жабдықтармен толықтырылып, білім беру инфрақұрылымы кезең-кезеңімен жаңартылып келеді. Ал жазғы демалыс кезінде 4 мыңнан астам оқушы түрлі лагерьлер мен сауықтыру алаңдарында уақытын тиімді өткізді. Бұл туралы аудандық білім бөлімінің басшысы Мұрат Дабыс мәлімдеді.***

## 5027 ОҚУШЫ ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫН БАСТАМАҚ

Жаңа оқу жылы қарсаңында ауданның барлық білім беру ұйымдары кешенді түрде әзірленуде. Бүгінде аудандық білім бөліміне қарасты 22 мектептің 8-і қатты отынмен, 14-і сұйытылған газбен жылытылады. Аудан орталығындағы екі қосымша білім беру ұйымы да газ отынын пайдаланады.

Қазіргі уақытта көмірмен жылытылатын мектептерге қажетті отынның 86,7 пайызы жеткізілген. Оның ішінде жеті мектеп толық қамтылса, Т.Айбергенов атындағы орта мектепке көмір жеткізу жұмыстары жалғасуда. Балабақшалардың тоғызы газбен, үшеуі көмірмен жылытылады. Ал қажетті 325 тонна көмірді жеткізу бойынша мердігерлермен келісімшарт жасалып, жұмыстар басталған. Білім бөлімінің мәліметінше, барлық отын 1 қыркүйекке дейін толық жеткізіледі.

Биылғы оқу жылында 3 және 7-сынып оқушылары жаңартылған оқулықтармен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайту жұмыстары да жүйелі жалғасып келеді. Білім беру ұйымдары робототехника, STEM, химия, физика және биология кабинеттерімен кезең-кезеңімен жабдықталуда. Компьютерлік техникалар жаңартылып, ескірген құрылғылар жаңа моноблоктар мен ноутбуктерге алмастырылуда. Бұдан бөлек, бейнебақылау жүйелері жаңартылып, жедел басқару орталықтарына қосылуда. Турникеттер мен дабыл түймелері орнатылып, асханалар мен спорт залдары қажетті жаңа жабдықтармен толықтырылып жатыр.

- Биыл аудандағы ең ірі білім ошақтарының бірі – Қарауылкелді орта мектебінде ауқымды күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Жоба аясында жылу, су, кәріз және электр жүйелері толық жаңартылып, бейнебақылау мен өрт қауіпсіздігі жүйелері қайта жасақталуда. Сонымен қатар есіктер мен едендер ауыстырылып, ішкі әрлеу жұмыстары жүргізілуде. Мектеп ауласына брусчатка төселіп, өрт гидранты орнатылады. Жөндеу жұмыстары 15 тамызға дейін аяқталады, - деді білім бөлімінің басшысы.

Жуырдағы табиғи апат салдарынан Қ.Мұқанбетқалиұлы атындағы мектеп-гимназиясы, Қарауылкелді, №2 және №3 Қарауылкелді орта мектептері, сондай-ақ «Шаттық», «Шұғыла» және «Рауан» бөбекжай-балабақшаларының шатырлары, терезелері мен қабырғалары зақымданған.

– Барлық зардап шеккен білім беру ұйымдары бойынша арнайы комиссиялар бағалау жұмыстарын жүргізіп, ақаулық актілері жасалды. Қажетті құжаттар тиісті органдарға тапсырылды. Тамыз айында қалпына келтіру жұмыстары басталып, жаңа оқу жылына дейін барлық нысандар толық дайын болады. Балалардың қауіпсіз ортада білім алуы – басты міндетіміз, – деді Мұрат Дабысов.

Алдын ала мәлімет бойынша, жаңа оқу жылында аудан мектептерінде 5027 оқушы білім алады. Оның ішінде бірінші сыныпқа 500 бала қабылданған. Мектепалды даярлық сыныптарына құжат қабылдау тамыз айының соңына дейін жалғасады. Бөлім басшысының айтуынша, қазіргі таңда педагог кадрлары бойынша тапшылық жоқ. Тамыз айында барлық мектептердің қажеттілігі нақтыланып, жаңа оқу жылы басталғанға дейін толық қамтамасыз етілмек.

## ЖАЗҒЫ ЛАГЕРЬЛЕРДЕ 4 МЫҢНАН АСТАМ ОҚУШЫ ҚАМТЫЛДЫ

Жазғы демалыс кезеңінде ауданның 22 мектебі жанынан лагерьлер ұйымдастырылып, 1 маусым мен 13 шілде аралығында 4004 оқушының бос уақыты тиімді ұйымдастырылған. Сонымен қатар екі қосымша білім беру ұйымының жанындағы жазғы алаңдарға 320 оқушы қатысып, мәдени, рухани және шығармашылық бағыттағы түрлі іс-шараларға тартылған.

Мәлімет бойынша, қала сыртындағы «Шұғыла» лагерінде 78 оқушы, Хобда ауданындағы «Әлия» лагерінде 36 оқушы демалса, Алматы қаласындағы «Балдаурен-Қонаев» республикалық оқу-сауықтыру орталығына 5 оқушы, Көкшетаудағы «Балдаурен-Щучинск» лагеріне бір оқушы жолдама алған. Ал тамыз айында Алға қаласындағы «Күншуақ» лагеріне сегіз оқушыны, «Әлия» лагеріне қосымша 21 оқушыны жіберу жоспарланып отыр.

Аудандық білім бөлімінің мәліметінше, жаңа оқу жылындағы негізгі өзгерістер мен жаңашылдықтар дәстүрлі тамыз педагогикалық кеңесінде жан-жақты таныстырылатын болады.

**Әйгерім ӘНУАРБЕК**

## Байғанин ауданының Арқағерлер кеңесі мен Қоғамдық кеңесінің жерлестерге үндеуі

## ҚАДІРЛІ ЖЕРЛЕСТЕР!

Адамның басына сын сағат түскенде, елдің бірлігі мен азаматтардың жанашырлығы айқын көрінеді.

2026 жылғы 9 шілдеде орын алған табиғи апат салдарынан ауданымыздағы көптеген әлеуметтік нысандар бүлініп, тұрғындардың баспанасына, дүние-мүлкіне зиян келіп, ауыр жағдайға тап болды. Бұл – тек зардап шеккен отбасылардың ғана емес, барша байғаниндіктердің ортақ мәселесі.

Бүгінде мемлекет тарапынан залалды бағалау, тұрғын үйлерді қалпына келтіру және тұрғындарға қажетті қолдау көрсету бағытында барлық тиісті жұмыстар жүргізілуде. Дегенмен, осындай қиын кезеңде халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан асыл қасиеті – бірлік, жанашырлық және өзара қолдау ерекше маңызды.

Осыған орай, біз барша жерлестерді, ауданнан шыққан азаматтарды, кәсіпкерлерді, шаруа қожалықтарының басшыларын, өндіріс орындарын, меценаттар мен қайырымды жандарды табиғи апаттан зардап шеккен тұрғындарға қол ұшын созуға шақырамыз.

Қазіргі кезде 233 үй, 14 әлеуметтік нысан зақымданып, 24 кәсіпкерлік ғимараттар зардап шекті. 30-дан астам отбасы өз үйлерін тастап жақындарын паналауға мәжбүр.

Әрбір көрсетілген көмек – бір отбасының үмітін қайта жандырып, ертеңгі күнге деген сенімін нығайтатын үлкен сауапты іс. Қайырымдылық көлемімен емес, шынайы ниетпен өлшенеді.

### *Қадірлі ағайын!*

Байғанин ауданы – қай кезде де ауызбірлігімен, кеңпейілдігімен, қиындықты бірге еңсеретін елдігімен танылған қасиетті өңір. Осы игі дәстүрден жаңылмай, мұқтаж жандарға демеу болып, қайырымдылық танытайық.

Жұмыла көтерген жүк жеңіл. Бірлік бар жерде – береке бар! Жақсылық жасауға асығайық!

**Қаржылай көмек көрсету үшін:**
**«Байғанин ауданын қолдау және дамыту» қоғамдық қоры**
**БСН: 140940028085**
**Банк: АҚ «Халық Банкі Қазақстан»**
**БИК: HSBKKZKX**
**IBAN: KZ96601A121006288271**

*Заң және тәртіп*

# МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРДІ ПАЙДАЛАНУ ҚАҒИДАЛАРЫ ЖАҢАРТЫЛДЫ

***Қазақстанда мемлекеттік рәміздерді пайдалану тәртібіне бірқатар өзгерістер енгізілді. Бұл өзгерістер азаматтардың мемлекеттік рәміздерді құрметтеу мәдениетін қалыптастыруға, патриоттық рухты нығайтуға және рәміздерді пайдалану тәртібін нақтылауға бағытталған.***

Атап айтатын болсақ, бірінші өзгеріс - «Мемлекеттік Гимн» сөзі «Мемлекеттік Әнұран» сөзіне ауыстырылды. Енді Мемлекеттік Әнұран болып жазылады және айтылады. Екінші, Мемлекеттік Туды жеке және заңды тұлғалардың ғимараттарда оның ішінде балкондарда (45 градус бұрышпен) орналастыруға мүмкіндік берілді. Мемлекеттік Туды пайдалануға мынадай шарттармен жол беріледі. Айталық, жеке тұрғын үйлерде 3 метрден кем болмайтын биіктікте орналастыру қажет, бұл ретте тәуліктің қараңғы уақытында жарықтандыру міндетті емес. Сондай-ақ, ғимараттың сәулеттік немесе техникалық шектеулеріне байланысты жеке және заңды тұлғалардың оны іргелес аумақта орнасқан жеке тұғырға орнатуына болады.

Тағы бір ескеретін жайт, байрақ жерге, еденге, су бетіне және өзге де беттерге тиіп тұрмауы және тігінен орналастыру, бұл ретте ұлттық ою-өрнек матаның жоғарғы бөлігінде тұруға тиіс. Сонымен бірге жеке және заңды тұлғалар тиесілі көлік құралдары салондарының ішінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздер туралы заңнамасының талаптарын сақтай отырып пайдалану қажет. Қасақана бүлдіруге, жоюға, өртеуге, жыртуға, жерге тастауға, мақсатына сай емес пайдалануға, сондай-ақ оның мемлекеттік рәміз ретіндегі қадір-қасиеті мен маңызын төмендететін өзге де әрекет жасауға жол берілмейді.

Жаңа өзгерістердің бірі – Мемлекеттік Тудың бейнесі спорттық киім мен спортшылардың киім-кешегінде пайдалануға болады. Бұдан бөлек, Мемлекеттік Туды жарнамалық мақсаттарда, сондай-ақ киім-кешек заттары, төсек-орын жабдықтары, перде, дастарқан, кілемше және өзге де жабын ретінде пайдалануға болмайды.

Аудандық ішкі саясат бөлімінің бас маманы Рита Халыққызының айтуынша жаңа ережелердің талаптарын аудан тұрғындарына, әсіресе кәсіпкерлер мен шағын бизнес өкілдеріне түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар әлеуметтік желілер, ресми ақпараттық ресурстар және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы түсіндіру материалдары жарияланып, тұрғындардың сұрақтарына жауап беріліп, қажетті кеңестер берілуде. Негізгі мақсат – жаңа талаптарды халыққа дер кезінде жеткізіп, олардың заң талаптарын дұрыс түсінуіне және сақталуына ықпал ету.

**Ә.КАРИМАН**

*Мерейлі отбасы*

# ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ – ҰЛТТЫҢ ТҰҒЫРЫ

***Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 6 желтоқсандағы №250 Жарлығына сәйкес жыл сайын өткізілетін «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы отбасы институтын нығайтуға, адамгершілік құндылықтарды жаңғыртуға және үлгілі шаңырақтарды насихаттауға бағытталған. Осы мақсаттағы игі жобаның мамыр айында өткен аудандық кезеңінен іріктелген отбасылар облысқа жолдама алған болатын. Маусым айында облыстық кезеңде байғаниндік өнегелі отбасылар марапатталды. Байқаудың бас жүлдесін Есқазиевтер отбасы иеленсе, Қоспановтар отбасы ынталандыру сыйлығына лайық деп танылды. Жылдар бойы қалыптасқан татулық пен сыйластықты, ұлттық тәрбие мен еңбекқорлықты өмірлік ұстаным еткен қос отбасының тағылымды өмір жолы көпшілікке үлгі.***

## Берекесі жарасқан шаңырақ – қоғамның алтын қазығы

«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының аудандық кезеңінде бас жүлдені иеленген Есқазиевтер отбасы үшін бұл жеңіс – жай ғана марапат емес. Бұл – жылдар бойы қалыптасқан татулықтың, өзара сыйластықтың, адал еңбек пен ұрпақ тәрбиесіне деген жауапкершіліктің жемісі.

Әулеттің ақсақалы, 90 жастағы Нұрбаулы Есқазының айтуынша, отбасы мүшелері бұл жаңалықты ерекше толқыныспен қабылдаған. Дегенмен олар үшін ең үлкен марапат – балаларының амандығы, елге адал қызмет етіп, өмірден өз орындарын табуы.

Есқазиевтер бұл жетістікті шаңырақтағы береке мен бірліктің, ата-ана ретінде атқарған міндеттің және бала тәрбиесіне сіңірген еңбектің бағалануы деп біледі.

Байқауға қатысу туралы бастама да өздерінен шықпаған. Отбасының өмір жолын жақсы білетін ауылдастары мен жақындары олардың өнегелі ғұмырын үлгі етіп, конкурсқа қатысуға кеңес берген. Сол сенім олар үшін үлкен жауапкершілікке айналып, кенже қыздары Нұрсая барлық қажетті құжаттарды жинақтап, байқауға ұсынған. Жеңімпаздар бұл марапатты тек өз еңбектерінің ғана емес, өздеріне сенім білдіріп, қолдау көрсеткен азаматтардың ықыласының нәтижесі деп бағалайды.

Отағасы Нұрбаулы Есқазы мен жұбайы Моншақ Есенбай өздерін ерекше отбасы санамайды. Олар өмір бойы қарапайым еңбекпен күн көріп, балаларын кішіпейілділікке, мейірімділікке, білімге құштарлыққа және ең бастысы бір-біріне жанашыр болуға тәрбиелеуді басты міндет санаған.

– Адамның ең үлкен байлығы – оның адами қасиеті. Баланың тәрбиесі айтқан сөзден емес, ата-ананың күнделікті ісінен қалыптасады. Сондықтан үлкенге құрмет, кішіге ізет, адалдық пен еңбекқорлықты алдымен өзіміз көрсетуге тырыстық, – дейді ақсақал.

Оның пікірінше, мықты отбасының негізі – өзара сыйластық, сенім мен жауапкершілік. Ерлі-зайыптылар қандай жағдайда да бір-біріне тірек болып, қуанышты да, қиындықты да бірге еңсергенде ғана шаңырақтың іргесі берік болады.

Жас отбасыларға ақыл-кеңес айтқан Есқазиевтер отбасы отбасы бақыты үлкен дүниелерден емес, күнделікті өмірдегі түсіністік пен қамқорлықтан басталатынын жеткізді.

– Отбасы бір күнде қалыптаспайды. Ол сабырмен, төзіммен, сеніммен және ортақ еңбекпен нығаяды. Балаларға қалатын ең асыл мұра – дүние емес, өнегелі тәрбие мен мейірімге толы отба сы, – дейді Нұрбаулы Есқазы.

Осындай өмірлік ұстанымды берік ұстанған өнегелі шаңырақтың жеңісі Республикада жалғасын тауып, Астана қаласында марапатталатын болады.

## Үлгілі еңбек әулеті

Байқауда ынталандыру сыйлығына Қоспановтар отбасы ие болды. Жұмыссыз мамандығын өмірлік жолына айналдырған бұл шаңыраққа биыл 54 жыл толып отыр. Отағасы Жеткербай Қоспанов пен отанасы Айжан Құрманбекова төрт ұл, төрт қыз тәрбиелеп өсірген. Бүгінде олардан 24 немере мен төрт шөбере сүйіп отырған бақытты ата мен әже.

Отбасының қызы Жанаргүл Қоспанның айтуынша, байқауға қатысу туралы шешім бүкіл отбасының ортақ келісімімен қабылданған.

– «Мерейлі отбасы» – жай ғана байқау емес. Бұл – отбасы құндылықтарын, ұлттық тәрбиені, бірлік пен сыйластықты дәріптейтін игі жоба. Балаларымыздың жетістігі, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге негізделген отбасылық дәстүріміз бізге осы байқауға қатысуға жігер берді. Біз өз тәжірибемізбен бөлісіп, өнегелі отбасылардың қатарынан көрінуге мүмкіндік алдық, – дейді ол.

Байқау барысында Қоспановтар отбасы шаңырақтағы бірлік пен татулықты, ұлттық салт-дәстүрді және бала тәрбиесіндегі еңбекқорлық пен адамгершілік қағидаларын таныстыруға басымдық берген.

– Біз үшін отбасының беріктігі өзара сыйластықтан, татулықтан және ұлттық тәрбиеден басталады. Осындай жобалар қоғамдағы үлгілі отбасыларды насихаттап қана қоймай, жас ұрпаққа өнеге болатын құндылықтарды дәріптеуге зор үлес қосады, – дейді Жанаргүл Қоспан.

«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы – отбасы институтын нығайтып, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған маңызды жоба. Осындай өнегелі шаңырақтардың өмір жолы қоғамдағы отбасының қадір-қасиетін арттырып, жас ұрпаққа үлгі болары сөзсіз.

**Әйгерім КАРИМАН**

*Төтенше жағдай*

# ҚҰТҚАРУШЫ - ЕЛ ТЫНЫШТЫҒЫНЫҢ КҮЗЕТІНДЕ

***Табиғаттың тосын мінезі Қарауылкелді ауылын санаулы минуттың ішінде әбігерге салды. Күшті дауыл алып ағаштарды тамырымен қопарып, үйлердің шатырын ұшырып, электр желілерін үзді. Бір сәтте қалыпты тіршілік тоқтап, жұрт қауіпсіз жер іздеп, жан саугалады. Ал дәл сол уақытта құтқарушылар қауіптен қашқан жоқ, керісінше, апаттың қақ ортасына қарай бет алды. Себебі олар үшін әрбір секунд – бір адамның тағдырымен, әрбір шешім – бір отбасының үмітімен өлшенеді. Қираған ғимарат, құлаған бетондар мен үзілген байланыс жағдайында олар уақытпен жарысып, адамдарды аман алып қалу үшін жан аямай еңбек етті. Ал бүгін табиғи апаттың алғашқы минуттарынан бастап оқиға орнында болған құтқарушылар сол күнгі жағдайды еске алып, бастан өткерген сәттерімен бөлісті.***

Ауданда төтенше жағдай жарияланған күні 112 қызметіне келіп түскен қоңыраулар саны көп болған. Осыған байланысты демалыста жүрген барлық қызметкерлер шұғыл түрде жұмысқа шақырылып, зардап шеккен тұрғындарға көмек көрсету үшін бірнеше бағытқа бөлінген. Ал бөлімде жаңадан түсетін шақыртуларды қабылдап, күштер мен құралдарды үйлестіру үшін кезекші мамандар қалдырылған. Сол күні қарауыл кезегінде болған құтқарушының айтуынша, алғашқы хабар 112 қызметіне «Қазақтелеком» АҚ-ның телемұнарасының құлағаны туралы келіп түскен. Сол сәтте ауылда электр жарығы сөніп, байланыс үзіліп жатқанымен, бөлім басшылығы мен демалыстағы жеке құрамға жедел хабар берілген. Нәтижесінде қарауылдағы төрт қызметкер еш кідірместен оқиға орнына аттанған.Оқиға орнына жеткенде «Арзан» сауда дүкенінің үстіне телемұнара құлап, ғимараттың бір бөлігі опырылып түскенін көреді. Темір тормен қоршалған терезеден үрейлене қарап тұрған балаларға көздері түседі. Сол



сәтте іштен «баламды құтқарыңдар!» деген ананың жанайқайы анық естіледі.

– Арнайы авариялық-құтқару құралдарының көмегімен терезенің темір торын және пластик терезені кесіп аштық. Аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі Еркебұлан Баймұханов және екі өрт сөндіруші-құтқарушы Жандос Зейнолла мен Жарасбек Ангелин ғимараттың ішіне кірді. Автокөлік жүргізушісі Арыстанбек Аяпов екеуміз сыртта қалып, балаларды қабылдап алдық. Әріптестерім іштен 13-14 жастағы екі ұл мен бір қыз баланы терезе арқылы сыртқа шығарды. Біз оларды қауіпсіз жерге жеткіздік. Кейін барлығымыз ішке енгенде төбеден түскен бетон плиталары дүкеннің ішін түгел қиратқанын көрдік. Сол сәтте ғимарат қирандыларының арасынан баласын құтқаруды өтінген ананың дауысы тағы шықты. Жақындағанымызда оның басы мен денесінің бірнеше жерінен жарақат алғанын, ал баласының бетон плитасының астында қысылып қалғанын көрдік. Арнайы көтергіш құралдардың көмегімен бетонды көтеріп, баланы босатып алдық. Кейін анасы екеуін қауіпсіз жерге шығардық. Одан кейін бетон астында қалған аяғы ауыр әйелге көмек көрсеттік. Оның аяғы ауыр бетонның астында қалып қойған. Бетонның екінші жағы жарға тіреліп тұрғандықтан, өте сақ әрекет етуге тура келді. Жұмыс барысында аяғының құлаған құмның астында қалғаны, тобық тұсын тағы бір ағаш басып тұрғаны анықталды. Ағашты кесіп, аяғын босатып, әйелді сыртқа алып шықтық. Осы жерде біздің зейнеткер әріптесіміз Темірғали

Кесіков пен бұрын қызмет атқарған Болат Смайловты, қарауыл бастығы Жансерік Елесуіновті, өрт сөндіру бөлімінің басшысы Алтынбек Жанұзақовты, Темір ауданынынан келген әріптестерімізді және көмекке келген аудан тұрғындарын ерекше атап өткім келеді. Сол күні ешкім шетте қалған жоқ. Әркім қолынан келген көмегін көрсетті, – деді Байғанин ауданы ТЖБ қарауыл бастығы, азаматтық қорғау капитаны Аймұрат Молбаев.

Тұрғындардың жүзіндегі үрей құтқарушыларға жүктелген жауапкершіліктің қаншалықты зор екенін тағы бір мәрте сезіндіргендей. Мұндай жағдайда уақыт – адам өмірімен өлшенеді. Бір минуттың өзі шешуші рөл атқарады. Сондықтан әр әрекет нақты жоспармен әрі барынша жылдам орындалуы тиіс. Жалпы құтқару жұмыстары шамамен бір жарым сағатқа созылған.

Оқиға орнындағы ең қиын сәт – қауіп толық сейілмеген жағдайда жұмыс істеу болған. Құлаған бетондар мен ағаштардың астынан адамдарды шығару кезінде темір конструкциялар мен бетон плиталарының қайта құлау қаупі жоғары еді. Соған қарамастан құтқарушылар әр қимылды мұқият жоспарлап, өз қауіпсіздігін де назардан тыс қалдырмаған.



Құтқарушы жалғыз жұмыс істемейді. Мұндай сәтте әріптесіне деген сенім – ең үлкен тірек. Бір-бірінің ойын сөзсіз ұғатын тәжірибелі мамандар бұл жолы да ұйымшылдықтың арқасында талай адамның өмірін сақтап қалды.

– Құтқарушы үшін ең басты қасиет – жауапкершілік. Бір ғана қателік орны толмас қайғыға әкелуі мүмкін. Сонымен бірге сабырлылық, батылдық және тез шешім қабылдай білу - аса маңызды. Ерлік – өз өміріңді қатерге тігу емес, қандай жағдайда да адам өмірін сақтап қалу үшін кәсіби міндетіңді адал атқару. Біз үшін ең үлкен марапат – аман қалған адамның алғысы. Сол сәтте өзіңді емес, көмек күтіп тұрған жанды ғана ойлайсың, – дейді құтқарушы.

Ол аудан тұрғындарының ұйымшылдығы мен бір-біріне көрсеткен қолдауы құтқару жұмыстарының нәтижелі жүруіне үлкен ықпал еткенін де ерекше атап өтті.

Құтқарушының айтуынша, төтенше жағдай кезінде ұялы телефон арқылы келетін ескертулерге мән беру, қауіпсіздік талаптарын алдын ала білу, қажетті құжаттар мен алғашқы көмек қобдишасын дайындап қою өте маңызды. Сондай-ақ мүмкіндігінше үйден шықпай, терезелерден, ағаштардан, электр бағаналары мен жарнама тақталарының маңынан аулақ болып, тек ресми ақпаратқа ғана сену қажет.

– Табиғаттың алдында адам әлсіз болғанымен, ұйымшылдық пен бірлік кез келген қиындықты еңсеруге көмектесетінін тағы бір мәрте көрдік. Аудан тұрғындары сабыр сақтап, бір-біріне сүйеу болды. Сол ауызбіршілік бізге де күш берді. Ол күнді есіме алсам, ең алдымен «сынақ» деген сөз ойыма келеді. Себебі сол күні табиғат адамдарды ғана емес, біздің кәсібилігімізді, батылдығымызды және адамгершілігімізді де сынады. Ең бастысы – біз бұл сынақтан бірге өттік, – дейді ол.

Төтенше жағдайдың алғашқы минуттарынан бастап оқиға орнында болған аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі Еркебұлан Баймұханов та сол күнгі жағдайды айтып берді. Оның айтуынша, төтенше жағдай туралы алғашқы ақпарат түскен бойда жеке құрам толық жұмылдырылып, күш-құралдар дереу оқиға орнына бағытталған. Ең басты мақсат – адамдарды мүмкіндігінше қысқа уақыт ішінде қауіпсіз жерге шығару болған.

– Оқиға орнына жеткен сәтте жағдайдың өте күрделі екенін бірден аңғардық. Оқиға орнындағы әріптесім айтып өткен жағдай – санаулы секундтың ішінде дұрыс шешім қабылдауды талап етті. Әр қызметкер өз міндетін нақты білді. Өрт сөндірушілер, құтқарушылар, медицина қызметкерлері мен полиция бірлесе әрекет етті. Осындай үйлесімді жұмыстың арқасында зардап шеккендерді дер кезінде құтқарып, алғашқы медициналық көмек көрсетуге мүмкіндік туды. Ең әсерлі сәттердің бірі – қирандылар арасынан адамдардың аман шығарылғанын көру болды. Сол кезде әріптестерімнің кәсібилігіне тағы бір мәрте көзім жетті. Олар өз қауіпсіздігін де ұмытпай, әрбір адамның өмірі үшін соңына дейін күресті. Мұндай жағдайда әр секунд қымбат. Сондықтан біз үшін ең маңыздысы – дайындық, тәртіп және бір-бірімізге деген сенім. Қандай қиындық болса да, халықтың қауіпсіздігі – біздің басты міндетіміз, – деді Еркебұлан Баймұханов.

**Әйгерім ЖАРТИНА**

*Жоба және кәсіп*

# «NOMADGO»: АУЫЛҒА КЕЛГЕН ЖАҢА МҮМКІНДІК

***Цифрландыру дәуірінде күнделікті тұрмысқа қажетті қызметтердің де жаңа форматқа көшіп жатқаны белгілі. Бұрын тек ірі қалаларға тән болған мобильді такси қосымшалары енді ауыл тұрғындары үшін де қолжетімді бола бастады. Соның жарқын мысалы – ауданда бір жылға жуық уақыт бұрын іске қосылған «NomadGO» платформасы. Бірнеше жылдық дайындық пен тынымсыз еңбектің нәтижесінде жүзеге асқан бұл жоба тұрғындардың уақытын үнемдеп, такси қызметін біріздендіруді көздейді. Жобаның қалай басталғаны, қандай қиындықтар болғаны және алдағы жоспарлары туралы «NomadGO» жобасының бастамашыларының бірі Рақымжан Абылаймен сұхбаттасқан едік.***

**– Абылай Жұмажанұлы, «NomadGO» жобасын қолға алуға не себеп болды?**

– Бұл жобаны туған інім әрі серіктесім Арсылан Жұмажанмен бірге қолға алдық. Біз бұл істі тек кәсіп ретінде бастаған жоқпыз. Ең алдымен туған жерімізге пайдалы болатын, халықтың тұрмысын жеңілдететін, заман талабына сай қызмет ұсынуды мақсат еттік. Қазіргі таңда барлық сала цифрландыруға көшіп жатыр. Банк қызметі, сауда, мемлекеттік қызметтердің басым бөлігі онлайн форматқа өтті. Осындай мүмкіндіктер ауыл тұрғындары үшін де қолжетімді болуы керек деп есептедік.

Әрі бірнеше жылдан бері аудан тұрғындары такси қызметіне қатысты түрлі қиындықтарға тап болып жүргенін байқап жүрдік. Біріншіден, жолақы тұрақты болмады. Бір бағытқа әр жүргізуші әртүрлі баға айтатын жағдайлар жиі кездесетін. Екіншіден, қолайсыз ауа райында көлік табу қиын болатын. Жаңбыр немесе қар жауған күндері тұрғындар ұзақ уақыт такси күтіп қалатын. Үшіншіден, кейбір жүргізушілер адам санына қарай әртүрлі баға белгілеп, нақты тариф болмағандықтан түсінбеушіліктер туындайтын. Осындай мәселелердің барлығы тұрғындарға да, ауданымызға келген қонақтарға да қолайсыздық туғызды. Біз осы олқылықтардың орнын толтырып, ашық әрі әділ жүйе қалыптастыруды, сонымен қатар, ауылымыздың дамуына аз да болса үлес қосып, тұрғындарға қолайлы орта жасауды мақсат еттік. Сондықтан бұл жобаны үлкен жауапкершілікпен қолға алдық.

**– Жалпы «NomadGO» такси қызметін ауданға енгізу идеясы қалай дүниеге келді?**

– Бұл ой бізде аяқасты туған жоқ. Оның негізі 2019 жылдан бастау алады. Сол кездің өзінде ауылымыздың дамуына қандай үлес қоса аламыз деген ой жиі мазалайтын. Көптеген жастар сияқты біз де тек өзіміз үшін емес, туған өлкеміз үшін пайдалы іс атқарғымыз келді. Сол себепті бірнеше жыл бойы такси саласын жан-жақты зерттеуге кірістік. Қазақстандағы және шетелдегі түрлі платформалардың жұмысын саралап, олардың қызмет көрсету жүйесін, тариф саясатын, жүргізушілермен жұмыс істеу тәсілдерін зерделедік. Біз үшін ең маңыздысы – дайын жобаны көшіріп алу емес, ауыл жағдайына бейімделген тиімді жүйе қалыптастыру болды.

Кейін «NomadGO» платформасының қазақстандық IT мамандары әзірлеген отандық өнім екенін білдік. Бұл бізге ерекше серпін берді. Себебі өз елімізде жасалған жобаны қолдау – азаматтық ұстанымымыздың бір бөлігі. Осылайша бірнеше жыл бойы жинақталған тәжірибе мен дайындықтың нәтижесінде «NomadGO»-ны ауданға әкелуге шешім қабылдадық. Бүгінде Ақтөбе облысында ғана емес, Батыс Қазақстан өңірінде бұл платформаны алғашқылардың бірі болып іске қосқанымызды мақтан тұтамыз.

**– Мұндай жобаны жүзеге асыру оңай болмағаны анық. Іске қосар алдында қандай жұмыстар атқарылды?**

– Расында да, сырт көзге қосымшаны іске қосу оңай көрінуі мүмкін. Бірақ оның артында айлар емес, бірнеше жылға созылған еңбек жатыр. Ең алдымен ауданның цифрлық картасының жоқтығы үлкен қиындық тудырды. Қажетті мәліметтерді әртүрлі мекемелерден іздестірдік. Алайда бізге қажет деңгейдегі нақты карта болмағандықтан, бұл жұмысты өз күшімізбен атқаруға тура келді. Көше-көшені аралап, барлық мекенжайларды қайта қарап шықтық. Бармақ батыр, Жағалау, Табын, Бөкенбай, Болашақ, Жаңа құрылыс және басқа да көшелердің орналасуын нақтылап, бәрін қолмен картаға енгіздік. Бұл өте жауапты әрі көп уақытты талап еткен жұмыс болды. Сонымен қатар жүргізушілерді тіркеу, тұрғындарға қосымшаның жұмыс істеу тәртібін түсіндіру, әлеуметтік желілер арқылы ақпарат тарату, тестілік режимде қызмет көрсету сияқты жұмыстар қатар жүргізілді. Әрбір ұсыныс пен пікірді ескеріп, жүйені жетілдіруге күш салдық.

**– Қызмет іске қосылғаннан бері тұрғындардың қызығушылығы қандай? Алғашқы нәтижелер көңілден шығып жатыр ма?**

– Қуаныштысы, тұрғындардың қызығушылығы күннен-күнге артып келеді.

Алғашқы кезде жаңа жүйеге күмәнмен қарағандар болды. Бұл – кез келген жаңа жобада кездесетін қалыпты жағдай. Бірақ қосымшаны қолданып көрген адамдар оның қолайлылығына көз жеткізе бастады. Жолаушы сапар құнын алдын ала көреді, жүргізушінің қай жерде келе жатқанын бақылай алады. Мұның барлығы тұрғындардың сенімін арттырды. Бүгінде күн сайын жаңа қолданушылар тіркеліп жатыр. Жүргізушілер саны да көбейіп келеді. Ең бастысы – халық ұсыныс айтып, жүйені бірге жетілдіруге атсалысып жатыр. Бұл біз үшін үлкен қолдау.

**– Жалпы аудан бойынша такси қызметіне деген сұранысты қалай бағалайсыз? Қазіргі таңда платформада қанша жүргізуші мен қолданушы тіркелген?**

– Байғанин ауданында такси қызметіне деген сұраныс бұрыннан жоғары. Өйткені тұрғындардың күнделікті тіршілігінде көлікке деген қажеттілік өте көп. Бірі жұмысқа барады, енді бірі ауруханаға, мектепке немесе түрлі мекемелерге қатынайды. Осы қажеттілікті ескерсек, такси қызметінің жүйелі әрі қолжетімді болуы өте маңызды.

Біздің байқауымызша, тұрғындар ең алдымен тұрақтылықты қалайды. Яғни көлік қажет кезде тез табылса, бағасы алдын ала белгілі болса және қызмет сапасы жоғары болса деген талап бар. «NomadGO» дәл осы мәселелерді шешуге бағытталған. Қазіргі таңда «NomadGO» платформасында 400-ден астам жүргізуші және 3000-нан астам қолданушы тіркелген. Ауданымыздың халқының санын ескерсек, бұл – аз уақыттың ішінде қол жеткізілген жақсы нәтиже деп есептеймін. Қуантарлығы – күн сайын жаңа жүргізушілер де, жаңа қолданушылар да қосылып жатыр. Бұл тұрғындардың цифрлық қызметке деген сенімі артып келе жатқанын көрсетеді. Алдағы уақытта бірыңғай тариф толық қалыптасып, жүргізушілер саны артқан сайын сұраныс бұдан да жоғары болады деп сенеміз.

**– «NomadGO» платформасының өзге қызметтерден қандай ерекшелігі бар? Тұрғындарға қандай мүмкіндіктер ұсынады?**

– Бұл қосымшаның басты ерекшелігі – ашықтық пен ыңғайлылық. Ең алдымен жолаушы тапсырыс берер алдында сапар құнын алдын ала көреді. Бұрынғыдай жүргізушімен баға жөнінде келісіп, түсініспеушілікке жол берілмейді. Екінші маңызды мүмкіндік – ауданымыздың ерекшелігіне бейімделген жүйе. Біз ауыл жағдайын ескере отырып, жолаушылар санын көрсету қызметін арнайы енгіздік. Бұл жүргізуші үшін де, жолаушы үшін де өте ыңғайлы. Сонымен қатар қосымша арқылы жүргізушінің қай жерде келе жатқанын, тапсырысқа қанша уақытта жететінін картадан бақылауға болады. Бұл тұрғындардың уақытын үнемдеуге мүмкіндік береді. Тағы бір маңызды ерекшелік – ауданымыз үшін арнайы жасалған карта. Себебі көптеген халықаралық карталарда ауыл көшелері толық көрсетілмейді немесе мекенжайларда қателіктер кездеседі. Біз әр көшені өзіміз нақтылап енгізгендіктен, бұл жүйенің дәлдігі жоғары. Біздің алдағы жоспарымыз да ауқымды. Егер тұрғындар платформаны белсенді пайдаланса, болашақта қалааралық бағыттарға арналған жеке бөлімді іске қосуды көздеп отырмыз. Бұл аудан тұрғындары үшін өте тиімді болады деп ойлаймын.

**– Жүргізушілерді тіркеу қалай жүргізіледі? Бұл үдеріс қаншалықты жеңіл?**

– Біз жүргізушілер үшін тіркелу процесін барынша қарапайым етуге тырыстық.

Қазіргі таңда жүргізушіге тек «App Store» немесе «Google Play» дүкенінен NomadGO қосымшасын жүктеп алып, жүргізуші ретінде тіркелсе жеткілікті. Барлық кезеңдер жүйеде рет-ретімен көрсетілген. Сонымен қатар әлеуметтік желідегі «@nomadgo_baiganin» парақшасында тіркелудің толық және қысқаша бейненұсқаулықтары жарияланған. Егер қандай да бір сұрақ туындаса, біздің мамандар әрбір жүргізушіге жеке кеңес беріп, көмектеседі.

**– Жолаушылардың қауіпсіздігі мен қызмет көрсету сапасын қамтамасыз ету бағытында қандай жұмыстар жүргізілуде?**

– Бұл – біз үшін ең маңызды мәселелердің бірі. Қандай қызмет болса да, ең алдымен тұрғындардың қауіпсіздігі мен сенімі бірінші орында тұруы тиіс. Сондықтан платформадағы барлық тапсырыстар жүйе арқылы бақыланады. Егер жолаушының қандай да бір ұсынысы немесе шағымы болса, қосымшада көрсетілген байланыс нөмірі арқылы бізге тікелей хабарласа алады. Бірде-бір өтініш назардан тыс қалмайды. Әрбір пікірді саралап, мәселенің себебін анықтап, мүмкіндігінше жедел шешуге тырысамыз. Сонымен қатар тұрғындардың ұсыныстары негізінде қосымша үнемі жетілдіріліп отырады. Өйткені кез келген цифрлық жоба уақыт өте келе пайдаланушылардың сұранысына сай дамиды.

**– Қызмет бағасы туралы түрлі пікірлер айтылып жүр. Осыған байланысты тариф қалай қалыптасты?**

– Иә, кез келген жаңа жүйе іске қосылғанда ең көп талқыланатын мәселенің бірі – баға саясаты. «NomadGO» да бұл тұрғыда түрлі пікірлерден тыс қалған жоқ. Бірі тарифті қолдаса, енді бірі өз ұсынысын айтты. Біз мұның бәрін қалыпты жағдай деп қабылдаймыз. Себебі жаңа жүйе халықтың сұранысы мен тәжірибесіне қарай біртіндеп жетіледі. Біз үшін ең басты қағида – бағаның ашық әрі әділ болуы. Бұрын жолаушы көлікке отырмай тұрып нақты қанша төлейтінін білмейтін жағдайлар кездесетін. Бір бағытқа әртүрлі жүргізуші әрқалай баға айтатын. Бұл кейде түсініспеушілікке де себеп болатын. Сол себепті аудан тұрғындары үшін бірыңғай тариф ұсындық. Мысалы, 1 адам – 400 теңге, 2 адам – 500 теңге, 3 адам – 600 теңге, 4 адам – 700 теңге дегендей.

**– Сіздің ойыңызша, бұл жоба аудан экономикасына және халықты жұмыспен қамтуға қандай үлес қоса алады? «NomadGO» жүргізушілер үшін қаншалықты тиімді? Басқа жұмыс тәсілдерінен қандай артықшылығы бар?**

– Меніңше, бұл жобаның әлеуеті өте жоғары. Өйткені бүгінгі күні көптеген адамдар негізгі жұмысынан бөлек қосымша табыс табуға мүмкіндік іздейді. Кез келген жүргізуші өзіне ыңғайлы уақытта жүйеге қосылып, тапсырыс қабылдай алады. Бұл әсіресе жеке көлігі бар азаматтар үшін тиімді. Біреулер оны негізгі кәсіп ретінде қарастырса, енді бірі бос уақытында қосымша табыс табудың жолы ретінде пайдалана алады. Сонымен қатар мұндай цифрлық қызметтің ауданымызда іске қосылуы кәсіпкерліктің дамуына да оң әсер етеді деп ойлаймын. Себебі заманауи сервистер көбейген сайын халықтың цифрлық мәдениеті де қалыптасады. Сондай-ақ, ол уақытты үнемдейді. Жүргізуші тапсырысты қабылдамас бұрын жолаушының нақты тұрған жерін, өзінен қанша шақырым қашық екенін, қанша адам екенін және ұсынылған жолақыны бірден көреді. Яғни ол қайда баратынын, қанша табыс табатынын алдын ала біледі.

**– Әңгімеміздің соңында «NomadGO» қызметін пайдаланып жүрген және әлі танысып үлгермеген тұрғындарға айтарыңыз бар ма?**

– Ең алдымен аудан тұрғындарына бізге сенім білдіріп, қолдау көрсетіп жатқан барлық азаматтарға шынайы алғысымды айтқым келеді. Бір ғана өтінішім бар: кез келген жаңашылдыққа түсіністікпен қарасақ екен. Қазіргі таңда адамдар жасанды интеллектіні пайдаланып жатыр, онлайн сауда жасайды, банктік қызметтердің бәрін телефон арқылы алады. Осындай өзгерістердің барлығы алғаш пайда болған кезде де мінсіз болған жоқ. Уақыт өте келе жетіліп, бүгінгі деңгейіне жетті. «NomadGO» да – дәл сондай дамудың бастапқы кезеңінде тұрған жоба. Әрине, кемшіліктер болуы мүмкін. Біз оны жоққа шығармаймыз. Керісінше, тұрғындардың әрбір ұсынысы мен сыны біз үшін өте маңызды. Себебі сол пікірлердің арқасында жүйені жетілдіріп, қызмет сапасын жақсарта аламыз.

Тағы бір айтарым – бұл қазақстандық мамандар әзірлеген отандық өнім. Бүгінде шетелдік платформалар еліміздің көптеген қаласында жұмыс істеп, қомақты қаржыны сыртқа шығарып жатыр. Ал өзіміздің өнімді қолдау – тек бір жобаны емес, отандық IT саласының дамуына қолдау көрсету деген сөз. Егер бәріміз бірлесіп қолдау білдірсек, «NomadGO» тек Байғанин ауданында ғана емес, еліміздің басқа өңірлерінде де кеңінен қолданылатын, мақтан тұтатын ұлттық цифрлық платформаға айналады деп сенемін. Біз осы жолда аянбай еңбек ете береміз.

**- Сұхбатыңызға рақмет!**

**Әйгерім ӘНУАРБЕК**

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНЕН ТЫС ЖЕРДЕ ДАУЫС БЕРУ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Денсаулық жағдайына, отбасының сырқат мүшесіне күтім жасау себебіне, сондай-ақ сайлау учаскелері құрылмаған шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда болуына байланысты дауыс беру күні сайлау учаскесіне келе алмайтын Қазақстан Республикасының азаматтары дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруге құқылы.

Ол үшін сайлаушы дауыс беру күні (2026 жылғы 23 тамыз) жергілікті уақытпен сағат 12:00-ден кешіктірмей, өзінің тіркелген аумағындағы учаскелік сайлау комиссиясына барып, болатын жері бойынша дауыс беруді ұйымдастыру туралы жазбаша өтініш беруі қажет.

Дауыс беру күні учаскелік сайлау комиссиясының мүшесі берілген өтініш негізінде және жеке басын куәландыратын құжатты ұсынғаннан кейін сайлаушыға дауыс беруге арналған бюллетень береді. Дауыс беруге арналған бюллетеньді алу фактісі өтініште сайлаушының қолымен куәландырылады.

Учаскелік сайлау комиссиясының бюллетеньді берген мүшесі оған өзінің қолын қояды, сондай-ақ сайлаушының өтінішіне қол қояды. Дауыс беруді өткізу кезінде сайлаушының ерік білдіру құпиясының міндетті сақталуы қамтамасыз етіледі.

Жаңару үшін дауыс бер!

**Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы**

# ОРМАН-ДАЛА ӨРТТЕРІНЕ ЖОЛ БЕРМЕЙІК

***Даладағы өрттердің бәрі сыртқы себептерден болады: құрғақ шөптердің арасында өрттің көзі жоқ. Дала құрғақ шөптерінің жануы кейде найзағайдан болады, бірақ орман дала өрттерінің пайда болуын жиірек адам әкеледі.***

**Орман дала өрттері болуының ең типтік себептері:**

- сөндірілмеген шылым не сіріңке;

- аңшы атқан соң, тығын бықсып жана бастайды;

- механизатор орманда майланған материалды тастап кеткен, қауіпсіздік техникасының ережелерін бұзып техникаға жанармай құйған, көліктің жанында шылым шеккен және т.б.;

- саяхатшылар, ауыл шаруашылығының жұмысшылары кепкен шөптің үстіне, кесілген қалдықтары бар ағаш кесетін жерде, ағаштың астында алау жаққан;

- орман алаңдарында шөпті немесе орманның жанындағы өрісте орылған егістің орнын жаққан;

- күн шұғыласы түсетін жерге тасталған шынының сынығы жандырғыш линза тәрізді күн сәулесінен жануы;

- орманда шаруашылық жұмыстарын (жарылғышпен тамырынан жұлу, қоқысты жағу, жолдарды, электролинияларын, құбырларды салуы және т.б.) дұрыс жүргізбегеннен.

Орман өрттер төменгі, жер астындағы (торфты) және жоғарғы болады. Төменгі өрттерде (барлық оқиғалардың 90%) ағаштардың шөптердің төменгі жағы, шөп, шөпшек, жерден шығып тұрған тамырлары жанады. Таралу жылдамдығы – 1 метрден 3 метрге дейін, жалынның биіктігі – жарты метрден 1,5 метрге дейін. Минутына 3-4 м жылдамдықта өрт 10-14 сағатта үлкен өртке айналады.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығының 173-ші тармағында яғни, Ормандар мен дала алқаптарында орналасқан елді мекендер үшін жергілікті атқарушы органдар мен орман иеленушілер ені кемінде 4 метр өртке қарсы қорғаныш жолақтарын орнатуды, жапырақты екпелер отырғызуды, жазғы кезеңде құрғақ өсімдіктерді алып тастауды қамтамасыз етеді.

Жоғарғы жиі болатын өрт қатты желде болу мүмкін: от ағаштардың ұшар бастарынан минутына 5 метрден 100 метрге дейін және оданда көп жылдамдықпен өтеді. Жел жанып жатқан бұтақтарды және ұшқындарды таратады, олар өрттің жаңа ошақтарын тудырады.

Шымтезек өрттер ақырын қозғалады, тәулігіне бірнеше метрден. Олар жер астынан оттың кенеттен шығуынан және олардың шеті кейде көрінбей жанған шымтезекке түсіп кету мүмкіндігінен өте қауіпті. Сондықтан өрт болған жағдайда шымтезекті батпақтарға жоламау керек, ал егер шымтезек алаңынан өту қажет болса, онда тек топпен ғана жүру керек, бірінші келе жатқан адам топырақты бақанмен тексеру керек. Жер астындағы өрттің белгісі – жердің ыстық болуы, топырақтан түтіннің шығуы.

Шағын өртті (шегінің ені – 1 км-ге дейін) 3-5 адамнан құралатын топ арнайы құралдарсыз жарты сағаттың ішінде тоқтата алады. Мысалы, жасыл бұтақтардан жасалған сыпырғышпен, жас талмен (1,5-2 метр), қап тігетін матамен, брезентпен немесе киіммен оты қағу. Отты сабалап, өрт басталған жағына лақтыру керек, шағын жалынды аяқпен басуға болады. Тағы бір таралған әдіс - өрттің шетіне топырақ тастау.

Бірінші күрекпен топырақты алып жалынды қағу керек, содан соң топырақтан қалыңдығы бірнеше сантиметр, ал ені жарты метрге дейін тұтас жол жасау керек. Бір адам жарты сағат ішінде 20 метр шамасында өрт шетін қағуы мүмкін.

Егер сіз орманда шағын өртке кезіксеңіз, оны тоқтату үшін дереу шаралар қолдану керек, сонымен қатар мүмкіндік болса жақындағы елді мекенге немесе орман шаруашылығына біреуді көмек шақыруға жіберіңіз.

Кез келген апат жағдайда тұрғындар қорғау жұмыстарына қатыстырылады. Өртпен күресуге балаларды және жеткіншектерді, екіқабат әйелдерді және басқа емізетін аналарды қатыстыруға тыйым салынады. Апат аймағында әкімшілік басқармасының ерекше заңдары әрекет етеді, осы заңдар барлық күштерді және техниканы өртті сөндіруге қолдануға рұқсат етеді. Егер сіз орман дала өртін сөндіретін топқа кірсеңіз, онда сізге өрт сөндіру тактикасын білу қажет, паналайтын жерді және оған баратын жолды білу қажет. Қорғайтын киім (мүмкіндігінше адамдарға арнайы киім, газқағар, каска, түтінге қарсы бетперде таратылады) кию керек. Әр топта жерді жақсы білетін жолсерік болу керек. Егер түтін аймағындағы көз көрерлік 10 метрден аз болса, онда оған кіруге болмайды.

**Орман дала өрті аймағынан қалай шығуға болады?**

Егер өртпен күресе алмасаңыз, одан кетіп қалу жеткілікті: жаяу жүргіншінің жылдамдығы – минутына 80 метрден көп, ал төменгі өрттің жылдамдығы – 1-3 метр. Өрт шегіне перпендикулярлы жел жаққа қарай орман жолымен, алаңдармен, өзендердің және жылғалардың жағаларымен жүру керек. Қатты түтіндеуде ауызды және мұрынды сулы байламмен, орамалмен, киімнің бөлшегімен жабу керек. Кейде жоғарғы өрттің майданынан жүгіріп өтуге болады, бастысы - өкпелеріңізді күйдіріп алмау үшін демалмай жүгіру керек.

Елді мекенге тақалған өртті тоқтата алмау жағдайында мемлекеттік қызметтер дүниені және малды қалай қорғау керектігін, не істеу қажеттігін, ал қажетті жағдайда эвакуациялау туралы алдын ала хабарлайды. Жеке заттарды тастан жасалған жанатын конструкциясыз салуларда немесе жерге көміп сақтауға болады.

Эвакуация мүмкін болмаған кезде тек тастан жасалған саңылаусыз ғимараттарда, азаматтық қорғаныс баспаналарында немесе үлкен ашық алаңдарда күте тұру керек.

Естеріңізде болсын, әрбір азамат сөндірілмеген шылым не сіріңке тастайтындай, алауды толық сөндірмей тастап кететіндей Қазақстанда орман көп емес.

**Байғанин ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі**

# МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – СОТ ТӨРЕЛІГІНІҢ БАСТЫ ҚАҒИДАТЫ

***Тіл – әрбір халықтың ең асыл қазынасы, ұлттық болмысы мен рухани дүниесінің айнасы. Әр ұлт өз тілін ғасырлар бойы қалыптастырып, оны келер ұрпаққа аманат етеді. Сондықтан ана тілін құрметтеу – туған жерді, елді, тарих пен мәдениетті құрметтеумен тең.***

Қазақ тілі – көне түркі тілдерінің қыпшақ тобына жататын, тарихы терең, сөздік қоры аса бай тіл. Оның бастауын Орхон-Енисей жазбаларынан, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Ахмет Йүгнеки, Қожа Ахмет Ясауи сынды ұлы ойшылдардың еңбектерінен көруге болады. Мыңжылдықтардан жеткен бұл тіл – халқымыздың рухани мұрасы әрі тәуелсіздігіміздің басты нышаны.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 9-бабына сәйкес қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Сондай-ақ, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заң мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтіп, оны дамыту мен қорғаудың құқықтық негіздерін белгілейді. Мемлекеттік тілдің қоғам өмірінің барлық саласында, соның ішінде сот жүйесінде кеңінен қолданылуы – мемлекет жүргізіп отырған тіл саясатының басым бағыттарының бірі.

Сот жүйесінде мемлекеттік тілдің қолданылуы заңмен нақты реттелген. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік, Қылмыстық-процестік, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы және Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстеріне сәйкес сот ісін жүргізу тілі сотқа ұсынылған талап қоюдың немесе өзге де іс материалдарының тіліне байланысты айқындалады. Яғни, талап қою мемлекеттік тілде берілсе, іс те мемлекеттік тілде қаралады. Бұл қағида азаматтардың сот алдындағы теңдігін қамтамасыз етіп қана қоймай, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге де ықпал етеді.

Осыған байланысты мемлекеттік тілде қаралатын істердің үлесін арттыру ең алдымен азаматтардың, мемлекеттік органдардың және құқық қорғау органдарының сотқа жолдайтын құжаттарын мемлекеттік тілде әзірлеуіне тікелей байланысты. Мемлекеттік тілдегі талап қоюлар мен процестік құжаттардың көбеюі сот өндірісіндегі қазақ тілінің үлесін арттырады.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек Республика бойынша аудандық және оған теңестірілген соттарда 2025 жылдың алты айында қаралған 549 676 істің 230 855-і немесе 42 % мемлекеттік тілде қаралған, ал 2026 жылдың осы кезеңінде қаралған 629 578 істің 214 537-сі немесе 34 % мемлекеттік тілде қаралған. Бұл көрсеткіш мемлекеттік тілде сот ісін жүргізу үлесін арттыру бағытындағы жұмысты одан әрі жандандырудың маңыздылығын көрсетеді.

Осы ретте азаматтар мен заңды тұлғалардың мемлекеттік тілде сотқа жүгінуін ынталандыру, мемлекеттік органдардың құжат айналымын толықтай қазақ тілінде жүргізуі және мемлекеттік тілдің күнделікті қолданыс аясын кеңейту ерекше маңызға ие. Мемлекеттік тілдің беделі заң талаптарын орындаумен ғана емес, оны күнделікті өмірде кеңінен қолданумен де өлшенеді.

Тәжірибеде мемлекеттік тілде сот ісін жүргізудің үлесін арттыруға кедергі келтіретін жағдайлар да кездеседі. Мәселен, кейбір банктер мен микроқаржы ұйымдары талап қоюларын сотқа орыс тілінде жолдайды. Қолданыстағы процестік заңнамаға сәйкес іс жүргізу тілі талап қою тілімен айқындалатындықтан, мұндай істер де орыс тілінде қаралады. Ал жауапкер немесе басқа қатысушылар істі мемлекеттік тілде жүргізу туралы өтініш білдірген жағдайлардың өзінде, талап қоюшы тарап кейде іс жүргізу тілін өзгертуге қарсылық танытады. Соның салдарынан мемлекеттік тілде қаралатын істердің үлесін арттыруға мүмкіндік толық пайдаланылмай келеді.

Мысалы, Ақтөбе облысы Байғанин аудандық сотында 2026 жылдың алты айында банктер мен микроқаржы ұйымдарынан түскен 90 талап қоюдың 3-і ғана қазақ тілінде берілген.

Осыған байланысты мемлекеттік тілдің сот жүйесіндегі қолданылу аясын кеңейту үшін азаматтардың ғана емес, банктердің, микроқаржы ұйымдарының және өзге де заңды тұлғалардың сотқа жолдайтын талап қоюлары мен процестік құжаттарын мемлекеттік тілде әзірлеуіне ерекше назар аудару қажет. Бұл мемлекеттік тілдің беделін арттыруға және сот ісін жүргізудегі үлесін көбейтуге оң әсерін тигізеді.

Сонымен қатар, сот төрелігін жүзеге асыру барысында іске қатысушылардың құқықтарының толық сақталуына ерекше назар аударылады. Іс жүргізу тілін білмейтін немесе жеткілікті меңгермеген тұлғаларға аудармашының қызметі қамтамасыз етіледі. Бұл – әр азаматтың өз ана тілінде немесе өзі меңгерген тілде өз құқықтарын қорғауына берілген заңды кепілдік. Сонымен қатар, сот ісін жүргізу тілін заң талаптарына сәйкес сақтау қабылданатын сот актілерінің заңдылығы мен негізділігінің маңызды кепілі болып табылады.

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық сотында мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Соттағы іс жүргізу құжаттары заң талаптарына сәйкес мемлекеттік тілде рәсімделіп, азаматтардың қазақ тілінде өтініш беруіне барлық қажетті жағдай жасалған. Судьялар мен сот қызметкерлері мемлекеттік тілді еркін меңгерген және сот төрелігін мемлекеттік тілде сапалы жүзеге асыруға өз үлестерін қосуда.

Менің пікірімше, мемлекеттік тілдің дамуы ең алдымен мемлекеттік қызметшілердің ұстанымына байланысты. Себебі олар мемлекеттік саясатты тікелей жүзеге асыратын негізгі буын болып табылады. Мемлекеттік қызметшінің мемлекеттік тілді күнделікті қызметінде кеңінен қолдануы қоғамға үлгі болып, азаматтардың қазақ тіліне деген құрметін арттырады және оның қолданылу аясын кеңейтуге өз әсерін тигізеді.

Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру тек соттардың немесе мемлекеттік органдардың ғана міндеті емес. Бұл – әрбір азамат пен заңды тұлғалардың жауапкершілігі. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту әрқайсымыздың күнделікті өмірімізден басталады. Азаматтар мен заңды тұлғалардың мемлекеттік тілде талап қоюы, өтініш жасауы және ресми қарым-қатынаста қазақ тілін таңдауы мемлекеттік тілдің қоғамдағы рөлін нығайтып, оның сот жүйесіндегі қолданылу үлесінің артуына ықпал етеді.

«Тіл – ұлттың жаны» деген қанатты сөздің мәні ешқашан өзектілігін жоғалтпайды. Ана тілін ардақтау – өткенді құрметтеу, бүгінді бағалау және болашаққа сеніммен қадам басу. Сондықтан мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, оның сот жүйесіндегі қолданыс аясын кеңейту және оны келер ұрпаққа таза күйінде жеткізу – әрбір азаматтың ортақ парызы. Мемлекеттік тілдің мерейі үстем болған елдің еңсесі әрқашан биік болмақ.

**Ақтөбе облысы Байғанин аудандық сотының судьясы Н.М. АЛИМБЕКОВ**


**Меншік иесі:**
**«Қадір Ұлықпан Қаратайұлы» ЖК**

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму Министрлігі Байланыс ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 8 сәуірде тіркеліп, №15190-Г куәлігі берілген.**

**ЖЕМ - САҒЫЗ**

**Директор — Редактор Ұлықпан ҚАДІР**

**Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді. Оны қайтармайды.**
**Редакцияның тапсырмасы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді.**
**Авторлық мақалалар редакцияның түпкілікті көзқарасы болып табылмайды.**
**Жарнамалар мен хабарландырудың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.**
*** Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордан алынды.**

**«Жем - Сағыз» газеті редакциясының мекенжайы:**
**030300, Байғанин ауданы Қарауылкелді селосы, Д. Қонаев көшесі, №35**

**Газет аптасына бір рет шығады**
**Индексі: 65512**
**Таралымы 1404**
**Тапсырыс №1014**
**Көлемі 1 баспа табақ.**

**Газет «Хабар - Сервис» ЖШС (Ақтөбе қаласы, Т. Смағұлов көшесі 9/2) басылды. Телефон (7132) 400 - 400, 545 - 545**